

Қала әкімдігі мен қала әкімі актілерінің, қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын бақылауды ұйымдастыру қағидасы туралы

Күшін жойған

Екібастұз қалалық әкімдігінің 2003 жылғы 3 сәуірдегі N 14 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 5 мамырда N 1778 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімінің 2009 жылғы 27 шілдедегі N 46 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімінің 2009 жылғы 27 шілдедегі N 46 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңдарына, Павлодар облысы әкімінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі "Облыс әкімдігі мен әкімі актілерінің, облыс әкімі, оның орынбасарлары мен облыс әкімі аппараты басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын бақылауды ұйымдастыру қағидасы туралы" N 29 шешіміне сәйкес, қала әкімдігі мен әкімінің актілерін, қала әкімінің, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын бақылауды ұйымдастыруды, бұлардың қаланың мемлекеттік органдарында орындалуына бірыңғай талаптар белгілеуді реттеу мақсатында **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Қоса беріліп отырған қала әкімдігі мен әкімі актілерінің, қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын бақылауды ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) бекітілсін.

2. Қала әкімінің 1999 жылғы 31 мамырдағы "Қала әкімі құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын бақылауды ұйымдастыру жөніндегі Ереже туралы" N 292, 2001 жылғы 17 мамырдағы "Қала әкімінің 1999 жылғы 31 мамырдағы "Қала әкімі құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын бақылауды ұйымдастыру жөніндегі Ереже туралы" N 292 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 253 шешімдерінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аппарат басшысы С.С.Секеноваға жүктелсін.

міндетін атқарушы

Қала әкімінің 2003 жылғы 3 сәуірдегі
 "Қала әкімдігі мен қала әкімі
 актілерінің, қала әкімі, оның
 орынбасарлары мен қала әкімі
 аппараты басшысы құжаттарының,
 тапсырмаларының, қарарларының
 орындалуын бақылауды ұйымдастыру
 қағидасы туралы" N 14 шешімімен
 бекітілді

**Қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысы
 құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын
 бақылауды ұйымдастыру
 ҚАҒИДАСЫ**

Бұл қағида 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңына, Павлодар облысы әкімінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі "Облыс әкімдігі мен әкімі актілерінің, облыс әкімі, оның орынбасарлары мен облыс әкімі аппараты басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын бақылауды ұйымдастыру қағидасы туралы" N 29 шешіміне сәйкес, қала әкімінің, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын бақылауды ұйымдастыруды, бұлардың қаланың мемлекеттік органдарында орындалуына бірыңғай талаптар белгілеуді реттеу мақсатында әзірленеді.

1. Жалпы ережелер

1. Бұл қағидада мынадай негізгі түсініктер қолданылады:

1) "бұрыштама" - қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысының жоғарғы тұрған республикалық, облыстық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың қызметтік хат-хабарларын караған кезде тапсырма бере отырып қойылатын қолбелгі;

2) "қала әкімінің тапсырмасы" қала әкімі аппараттық және басқадай мәжілістер өткізу барысында, қала әкімдігі мәжілістерінде, ауылдық округтерге бару сапары барысында өтетін кездесулерде, шараларда қаланың мемлекеттік органдарының өкілдеріне ауызша беретін, тапсырмалар берілген хаттамалар немесе қала әкімінің белгіленген нысандағы тапсырмаларының тізбесі түрінде

тиісті тәртіпте ресімделген нақты тапсырма;

3) "орындаушы орган" қала әкімі, оның орынбасарлары құжаттардың, тапсырмалардың, қарарлардың орындалуына жауапты қаланың мемлекеттік о р г а н ы .

2. Қала әкімдігі мен әкімінің актілерінің, қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын бақылауды ұйымдастыру шараларын қолдану мен оларды уақытында және түбегейлі орындау жөніндегі белгілі әкімшілік рәсімдерді сақтау жолымен жүзеге асырылады.

2. Қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын бақылайтын мемлекеттік органдар мен қала әкімі аппаратының құрылымдық бөлімшелері

3. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын қала әкімі аппаратының бақылау жөніндегі мамандары, басқа да құрылымдық бөлімшелері, атқарушы органдар, ауылдық округтер, поселкелер және село әкімдерінің аппараттары қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуының мерзімі мен сапасына бақылауды жүзеге асырады.

4. Қала әкімі аппаратының бақылау жөніндегі мамандары:

1) қаланың мемлекеттік органдарында жоғары тұрған органдардан түскен қызметтік хат-хабарларға арналған қала әкімі құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының, сондай-ақ оның орынбасарлары қарарларының мерзімі мен оның толық орындалуына ішкі (қала әкімі аппараты шеңберінде), сыртқы (қала мемлекеттік органдарының шеңберінде) бақылау жасауды жүзеге асырады;

2) қала әкімдігі мен әкімнің құжаттарды, тапсырмаларды, қарарларды қала әкімінің қызметтік хат-хабарларды қараған кезде бірінші рет қойған бұрыштамасы шеңберінде бақылау жасауды ұйымдастырады;

3) құзырына сәйкес қала әкіміне, қала әкімі аппаратының басшысына: апта сайын - қала әкімінің соңғы, сондай-ақ оның алдындағы аппарат мәжілісінде берген тапсырмаларының орындалу барысы туралы белгіленген нысандағы ақпаратты алдағы кезеңге арналған орындау мерзімімен;

ай сайын - қала әкімі аппаратында, қалалық мемлекеттік органдарында, ауылдық округтер, поселкелер және село әкімдері аппараттарында уақытында, орындалмаған, сапасыз орындалған құжаттардың, тапсырмалардың, қарарлардың тізбесін қоса отырып, бақылау мен орындаушылық тәртіптің жағдайына жасалған талдауды жасайды;

4) орындаушылық тәртіптің бұзылуы, құжаттарды, тапсырмаларды, қарарларды уақытында өткізіп, сапасыз орындау фактілері бойынша - қажет болған жағдайда жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын лауазымды тұлғалар орындаушы органдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстарды қала әкімінің, қала әкімі аппараты басшысының қарауына ұсынады.

5. Қала әкімі аппаратының басқа құрылымдық бөлімшелері: қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппарат басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының, аппарат бөлімшелерінде уақытында және түбегейлі орындалуына бақылау ұйымдастырады, өз құзыреті шеңберінде қала әкімінің, оның орынбасарларының, қала әкімі аппараты басшысының тапсырмасы бойынша осы қағида мен сол бөлімшеде бекітілген құжаттардың өтуі мен орындалуын бақылауды ұйымдастыру нобайына сәйкес олардың қаланың тиісті мемлекеттік органдарында уақытында және сапалы орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

2) түскен ақпаратты дәрежесі мен орындалу сапасына, бақылаудан алу немесе орындау мерзімін ұзарту мүмкіндігі туралы басшылықтың немесе қала әкімінің нақты құжатының, тапсырмасының, қарарының орындалуын бақылау жүктелген лауазымды адамның ұсыныс енгізуіне, лауазымды адамдардың, орындаушы органдардың құжатты, тапсырманы, қарарды орындамауы, уақытын өткізіп, сапасыз орындауына талдау жасайды.

6. Бақылау жөніндегі мамандармен берілетін ай сайынғы талдаулардың негізінде өткен айдағы құжаттардың, тапсырмалардың және қарарлардың орындалуы туралы мәселелерді қала әкімінің орынбасарлары өз құзыретіне сәйкес қаланың мемлекеттік органдары басшыларымен, сондай-ақ қала әкімі аппаратының басшысы - қала әкімі аппараты құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен өткізетін аппарат жиналыстарында қарайды.

7. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар, ауылдық округтері, поселкелер және село әкімдерінің аппараттары осы Ережеге және ішкі жұмыс регламентіне сәйкес қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысының құжаттарын, тапсырмаларын, қарарларын бақылауды жүзеге асырады, уақытында және түбегейлі орындалуын ұйымдастырады.

3. Бақылауға алынатын қала әкімінің, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысының құжаттары, тапсырмалары, қарарлары

8. Қала әкімі аппаратының бақылау жөніндегі мамандары:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, үкіметінің, Премьер-Министрінің актілерін, қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің, қазақстан

Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің, қазақстан Республикасы Парламентінің, өзге де республикалық органдардың, облыс әкімдігі мен әкімнің актілерін орындау жөніндегі тапсырмалары бар қала әкімі, оның орынбасарлары қ а р а р л а р ы н ы ң ;

2) қала әкімі мен әкімдігінің кешенді және перспективалық мәселелер бойынша нақты тапсырмалары мен орындалу мерзімі бар актілерінің;

3) орындалуын бақылауды әкім өзіне қалдыратын әкімшілік-басқару сипаттағы қала әкімі мен әкімдік актілерінің;

4) қала әкімінің қызметтік хат-хабарларды қарау кезінде өз орынбасарларына, қала әкімі аппаратының басшысына, қала мемлекеттік органдарының басшыларына, ауылдық округтер, поселкелер және село әкімдеріне берген нақты тапсырмалармен және орындалу мерзімдерімен қарарларының;

5) қала әкімімен қала әкімдігінің мәжілісінде, апта сайынғы және кеңейтілген аппарат және басқа да мәжілістерінде, кездесулерде, іс-шараларда, аймақ бойынша іссапар барысында берілген және белгіленген тәртіп бойынша бақылау бөліміне ұсынылған тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

9. Қала әкімі аппаратының басқа құрылымдық бөлімшелері:

1) орындалуына жауапкершілік және оны бақылау құзыретіне сәйкес қала әкімінің орынбасарларына, қала әкімі аппараты басшысына жүктелген қала әкімі мен әкімдік актілерінің;

2) қала әкімінің қызметтік хат-хабарды қарау кезінде өз орынбасарларына, қала әкімі аппаратының басшысына, қала әкімі құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына берген нақты тапсырмалары бар қарарларының;

3) мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардан, басқа да ұйымдардан қала әкімі аппаратының тиісті бөлімшесіне келіп түскен қызметтік хат-хабарлардағы қала әкімі орынбасарларының, қала әкімі аппараты басшысының қарарларының;

4) қала әкімі мен әкімдігінің құзыретіне сәйкес әр түрлі кеңестерді, штабтарды, комиссияларды, жұмыс топтарын құру және 5) қала әкімінің әкімшілік-өкімдік сипатындағы актілерінің;

6) қала әкімінің қала әкімдігінің мәжілістерінде, апта сайынғы, кеңейтілген аппарат, басқа да мәжілістерде, кездесулерде, іссапар барысында орынбасарларына, қала әкімі аппаратының басшысына, қала әкімі аппаратының құрылымдық бөлімшелері, қала мемлекеттік органдары басшыларына берген тапсырмаларының, сондай-ақ орындалуын бақылау құзыретіне сәйкес қала әкімінің орынбасарларына, қала әкімі аппаратының басшысына жүктелген тапсырмалардың;

7) қала әкімі орынбасарларының аппарат және басқа да мәжілістерінде, штаб, комиссия мәжілістерінде қала әкімі аппаратының қызметкерлеріне берген

тапсырмаларының ;

8) қала әкімі аппаратының басшысы қала әкімі аппараты құрылымдық бөлімшелеріне, қала мемлекеттік органдарына құзыретіне сәйкес берген қарарларының, тапсырмаларының ;

9) қала әкімінің, оның орынбасарларының, қала әкімі аппарат басшысының келісім бойынша мемлекеттік органдарға, басқа ұйымдарға берген тапсырмаларымен әр түрлі кеңестердің, штабтардың, комиссиялардың, жұмыс топтарының мәжілістері, отырыстары хаттамаларының бақылауға алынуы жүзеге асырады және орындалуын ұйымдастырады.

10. Жоғары тұрған және республикалық органдарының ұйымдастыруды қажет етпейтін таныстыру және ақпараттық сипаттағы құжаттары, сондай-ақ қала әкімінің "Назарға", "Жұмыс үшін" белгісі бар қарарлар олардың орындалуы туралы бақылау бөліміне ақпараттың ұсынылуын қажет етпейді.

11. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар, ауылдық округтер, поселкелер және село әкімдерінің аппараттары осы Ережеге және ішкі регламентіне сәйкес қала әкімі мен әкімдік актілерінің, қала әкімінің, оның орынбасарларының, қала әкімі аппарат басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын ұйымдастырады және бақылауды жүзеге асырады.

4. Қала әкімі, оның орынбасарларының тапсырмаларын, қарарларын бақылауға алуға және орындалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

12. Қала әкімінің, оның орынбасарларының белгіленген тәртіпте бақылауға алынатын және орындалатын құжаттар, тапсырмалар, қарарлар орындаушыларға, сондай-ақ бақылау жөніндегі мамандарға "Бақылауға алынды" белгісімен жіберіледі.

13. Жоғары органдардың көпсалалы, кешенді немесе ұзақ мерзімді сипатта орындалатын құжаттарға қала әкімінің қарарына сәйкес аталған құжат бойынша материалдарды жинақтауды іске асыратын қала әкімі орынбасарының жанындағы бас маманы нақты орындаушыларды, қала әкімінің тиісті бөлімшесіне немесе мемлекеттік органға ақпарат беру мерзімін көрсете отырып, бақылауды және атқаруды ұйымдастыру нобайын әзірлеп бекітеді және ол тікелей орындаушыларға жеткізіледі.

14. Егер құжатты, тапсырманы, қарарды орындау:

1) бірнеше адамға тапсырылса және кімге жинақтау керектігі анықталмаса, онда бұл жұмыс құжатта, қала әкімінің, оның орынбасарларының тапсырмасында немесе қарарында бірінші жазылған басшыға немесе лауазымды тұлғаға жүктеледі ;

2) кешенді сипатта болса, материалдарды жинақтауды аталған мәселе бойынша материалдарды немесе қала әкімі мен әкімдігінің актілерін дайындаған
о р г а н ж а с а й д ы .

15. Жинақтау үшін материалдар аталған мерзімге дейін 3 күн бұрын жинақтауды дайындау тапсырылған лауазымды адамға тапсырылады, мұнда қорытынды құжатта қала әкімі қарарына сәйкес барлық орындаушылардың қолдары болуы тиіс немесе жауаптың мәтінінде барлық орындаушылардың көзқарастары, ұсыныстары болуы тиіс.

Келіспеушілік болған жағдайда, әрбір орындаушы аталған мәселе бойынша өз көзқарасын қала әкіміне, оның орынбасарларына жазбаша түрде жеткізеді.

Осындай тәртіп, егер қала әкімінің тапсырмасы, қарары оның орынбасарларына, қаланың мемлекеттік орган басшыларына, "ауылдық округ, поселкелер мен село әкімдеріне" деген сөздермен берілген жағдайда да
с а қ т а л а д ы .

16. Осы Қағида мен қала әкімі құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуын бақылауды ұйымдастыру сызбасымен ескерілмеген жағдайда немесе оларды орындау жөнінде келіспеушілік туындағанда лауазымды тұлға немесе жоғары тұрған құжаттарды, қала әкімінің тапсырмаларын, қарарларын орындау бойынша материалдарды орындауға жауапты мемлекеттік орган қала әкімінің аппарат басшысымен (жеке жағдайларда-қала әкімі аппаратының бақылау жөніндегі мамандарымен)
а н ы қ т а л а д ы .

17. Қала әкімі мен әкімдік актілерінде орындалуын бақылау орынбасарларының біреуіне жүктелген жағдайларда қала әкіміне ақпарат аталған
ла у а з ы м д ы т ұ л ғ а м е н б е р і л е д і .

Қалған орындаушылар материалдарды қала әкімінің тиісті орынбасарларына белгіленген
м е р з і м д е ұ с ы н а д ы .

Ақпараттың уақытында ұсынылуын бақылауды қала әкімі аппаратының тиісті бөлімшелері
ж ү з е г е а с ы р а д ы

қала әкіміне құжатты, тапсырманы, қарарды орындау жөніндегі жинақталған ақпараттың уақытында ұсынылуын бақылауды қала әкімі аппаратының бақылау жөніндегі мамандарымен жүзеге асырылады.

18. Орындаушылары орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері болып табылатын қала әкімдігі мен әкімінің актілерін орындау жөніндегі ақпарат қала әкімі аталған аумақтық бөлімшелері басшыларының қолы қойылып, құзыретіне сәйкес қала әкімінің орынбасарымен келістіріліп болған соң ұсынылады.

Ақпараттың уақытында ұсынылуын бақылауды қала әкімі аппаратының бақылау жөніндегі мамандарымен жүзеге асырылады. Ақпараттың уақытында ұсынылуын бақылауды қала әкімі аппаратының тиісті құрылымдық

бөлімшелерімен құзыретіне сәйкес жүзеге асырылады.

19. Егер қала әкімдігі мен қала әкімі актілерінде бақылау қала әкімінің өзінде қалған жағдайда, бақылаудан алу жөніндегі ақпарат:

1) құзыретіне сәйкес қала әкімі орынбасарының қолы қойылып дайындалады;

2) егер құжат кешенді сипатта болса, онда жинақтауды қала әкімдігінің және қала әкімінің актісін дайындаған немесе аталған мәселе бойынша ұсыныс жасаған орган жүзеге асырады.

20. Қала әкімімен апта сайынғы аппарат мәжілістерінде хаттамалық тапсырмалардың орындалуын бақылауға алуды ұйымдастыру апта бойы жүргізіледі. Апта сайынғы аппарат мәжілісіне бақылау жөніндегі мамандар қала әкіміне алдыңғы аппарат мәжілісінде берілген тапсырмалардың, сондай-ақ қала әкімі аппаратының бөлімшелерімен, орындаушы-органдармен ұсынылған материалдардың негізінде орындалу мерзімі алдыңғы аптаға келген тапсырмалардың орындалу барысы туралы белгілі нысандағы ақпаратты ұсынады.

21. Егер лауазымды тұлғаға келіп түскен құжаттың, тапсырманың, қарардың мазмұны оның құзыретіне сәйкес келмеген жағдайда олар тапсырма берген адамға белгіленген мерзімде, яғни үш күн ішінде қайтарылуы тиіс.

22. Қала әкімі мен әкімдігінің актілерін, құжаттарын, тапсырмалары мен қарарларын орындау жөніндегі материалдардың түпнұсқалары бақылау жөніндегі мамандарда болады, орындаушыларға қала әкімі тапсырмаларының, қарарларының көшірмелері жіберіледі.

23. Орындалған және қала әкіміне ұсынылған құжаттары (түпнұсқалар) ол қаралғаннан кейін бақылау жөніндегі мамандарға

24. Қала әкімінің, оның орынбасарларының, қала әкімі аппарат басшысының қала әкімі мен әкімдік актілерін, құжаттарын, тапсырмаларын, қарарларын уақытында және сапалы орындалуына, сондай-ақ қажет материалдарды ұсынуға жеке жауапкершілік орындалу тапсырылған лауазымды тұлғаларға, қаланың мемлекеттік органдарының,

25. Қала әкімі аппаратының бақылау жөніндегі мамандарымен ұсынылған атқарушылық тәртіпті бұзу фактілері жөнінде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын қаланың атқару органдарының басшылары, ауылдық округ, поселкелер мен село әкімдері белгіленген тәртіпте қала әкімі аппарат басшысының атына құжаттардың, тапсырмалардың, қарарлардың орындалу мерзімін бұзғандары үшін кінәлі нақты лауазымдарды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде қабылданған шаралар туралы ақпарат ұсынады.

5. Қала әкімінің, оның орынбасарларының және аппарат басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалуы жөніндегі ақпаратты ресімдеуге қойылатын талаптар

26. Қала әкімі, оның орынбасарлары мен аппарат басшысы құжаттарының, тапсырмалары, қарарларының орындалуы туралы ақпарат тапсырма берген лауазымдық тұлғаға ұсынылады және онда "бақылаудан алынсын", "орындау мерзімі ұзартылсын", "ақпарат ретінде" сияқты тиісті ұсыныс міндетті болу керек.

27. Егер бір мәселе жөнінде бір уақытта құжат және /немесе қала әкімі, оның орынбасарларының, аппарат басшысының тапсырмасы мен қарары болса, олардың орындалуы жөнінде құжаттың, тапсырманың, қарардың шығыс нөмірі көрсетілген және оның мазмұндары қысқаша баяндалған бір ақпарат беріле алады. құжаттың, тапсырманың, қарардың орындалу мерзімі ұзартылған жағдайда мәселенің орындалуын бұдан әрі бақылауды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныс бір құжат бойынша енгізіледі.

28. Белгіленген нысан бойынша дайындалмаған (жауап берілетін құжатқа сілтеме жасалмаса), құжаттың, тапсырманың, қарардың мәнін ашпайтын құжаттар, тапсырмалар, қарарлар, сондай-ақ құжаттың, тапсырманың, қарардың орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары мен қала әкімі аппаратының басшысы онымен келіспеген жағдайда, оларды бақылау бөлімі пысықтауға қайтарып береді.

Қажет болған жағдайларда құжатты, тапсырманы, қарарды орындау туралы жауаптар қала әкімі аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшелеріне сараптамаға (5 күннен аспайтын мерзімге) жіберіледі.

Қайтарып беруге тиісті түрде бақылау бөлімімен ресімделеді және қаланың мемлекеттік органдарында бақылау жасау мен атқарушы тәртіптің жағдайын талдауда көрініс табады. Пысықталған жауаптың берілу мерзімі тапсырма орындалуының нақты уақыты болып табылады.

6. Қала әкімдігі, қала әкімі, оның орынбасарлары мен аппарат басшысы құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының орындалу мерзіміне қойылатын талаптар

29. Қала әкімі, оның орынбасарларының, қала әкімі аппарат басшысының құжаттары, тапсырмалары, қарарлары белгіленген мерзімде орындалады.

30. Құжаттың, тапсырманың, қарардың іске асырылу мерзімі көрсетілмеген

жағдайда, әдетте, ол бір ай мерзім ішінде орындалуы керек.

"Шұғыл" деген белгі болғанда, құжат он күн ішінде орындалуы керек. 2-ден 5 күнге дейін көрсетілген мерзімде есеп жұмыс күндерін қоса алады, бір жұмадан аса-күнтізбелік уақыт. Қажеттілігіне қарай жоғары тұрған уәкілетті орган немесе лауазымдық тұлға бір ай мерзім аяқталғанға дейін орындаудың нақты мерзімдерін белгілейді және оларды тікелей орындаушыларға бірден жеткізеді.

31. Қала әкімі орынбасарларымен, аппарат басшысымен апта сайын өткізетін аппараттық кеңестерде берілген тапсырмалардың орындалу мерзімі-бір жұма (егер басқа уақыт көрсетілмесе).

32. Құжатты, тапсырманы орындау мерзіміне орындалған құжаттың қала әкімінің тиісті орынбасарымен келістіру уақыты да кіреді.

33. Бақылау жөніндегі мамандар қала әкімі, оның орынбасарларының, аппарат басшысының құжатты, тапсырманы, қарарды орындаудың белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін орындаушыға мына түрдегі белгіленген нысанда мынадай жазбаша (электрондық) ескерту жібереді:

1) қала әкімі, оның орынбасарлары құжаттарының, тапсырмаларының, қарарларының тізбесін - 10 күнде бір рет;

2) алдағы кезеңде бақылауда және орындауда болатын қала әкімдігі мен қала әкімінің ай сайынғы тізбесі, сондай-ақ өткен кезеңде бақылаудан алынған қала әкімдігі мен қала әкімі актілерінің тізбесі.

34. Қала әкімі мен оның орынбасарларының, аппарат басшысының құжаттарын, тапсырмаларын, қарарларын орындау мерзімдері жоғары тұрған, сондай-ақ қала әкімі қарарында көрсетілген нақты күннен басқа олардың орындаушы-органға түскен күнінен бастап есептеледі.

35. Жоғары тұрған органдардан түскен құжаттардың, тапсырмалардың мерзімі, басқа мерзім көрсетілмесе, қала әкімі аппаратына түскен күннен бастап е с е п т е л е д і ;

Жоғары тұрған органға хабарлама қала әкіміне, оның орынбасарларының қол қоюына белгіленген мерзімге дейін 2 күн бұрын берілуі және бір күннен к е ш і к п е й жіберілуі керек.

36. Қала әкімі мен әкімдігінің кешенді, перспективалық мәселелері жөніндегі ұзақ мерзімді актілерінің орындалу барысы туралы хабарлама оны қабылдаған күннен бастап, қала әкіміне жарты жылдықта бір рет ұсынылады.

37. Қала әкімі мен әкімдігінің жұмыс топтары, комиссиялар, штабтардың қызметі жөніндегі актілерінің орындалу барысы туралы хабарламаны қала әкіміне нақты актінің орындалуына бақылау жасау жүктелген лауазымдық тұлға жыл қорытындылары бойынша, құрылған жұмыс топтары, комиссиялар қызметінің аяқталған кезінде, сондай-ақ қажетіне қала әкімінің ауызша сұранысы б о й ы н ш а беріледі.

38. Құзыретіне сәйкес қала әкімі орынбасарларымен келісілген қалалық бюджеттік бағдарламалардың Паспорттары жөніндегі қала әкімдігі қаулыларының орындалу барысы туралы хабарламаны осы акт бойынша мәселелердің кешіктірмей шешілуін талап ететін өзгерістерді, толықтыруларды енгізу немесе басқа шараларды қабылдау қажет болғанда, жергілікті атқарушы органдар, қалалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қала әкіміне береді.

39. Қала әкімі мен әкімдігінің нақты жылға арналған іс-қимылдың мерзімдері көрсетілген актілерінің орындалуы жөніндегі хабарламасы күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін, сондай-ақ қажетіне қарай қала әкімінің, оның орынбасарларының ауызша сұранысы бойынша осы актінің орындалуына бақылау жасау жүктелген лауазымдық тұлға қала әкіміне ұсынады.

40. Егер қала әкімі мен әкімдігінің құжаты, тапсырмасы, қарары белгіленген мерзімде орындалмаса (жоғары тұрған органдардың құжаттарынан басқа), орындаушы алдын ала, белгіленген мерзім алдында, жазбаша түрде қала әкімі, оны орынбасарларының, аппарат басшысының құжаты, тапсырмасы, қарары аталған тұлғаны қолын қойып, орындалу мерзімдерін ұзарту жөніндегі дәлелді өтінішпен бөгелудің себептерін түсіндіруі керек.

41. Орындалу мерзімі құжатқа, қарарға қол қойған, тапсырма берген басшымен, жеке жағдайларда-құзыретіне сәйкес қала әкімінің орынбасарымен, аппарат басшысымен (бір құжат, тапсырма, қарар бойынша екі реттен кем емес), жеке мәселелер бойынша-бақылау жөніндегі мамандармен (сот шешімінің орындалуына дейін, жоғары тұрған органға жіберілген хатқа жауап күткенде, осы мәселе бойынша қала әкімі мен әкімдіктің актісін келістіру кезінде орындаушыдан тәуелсіз өзге жағдайларда) ұзартыла алады.

7. Қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысы құжаттарын, тапсырмаларын, қарарларын бақылаудан алу тәртібі

42. Қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысының құжаттары, тапсырмалары, қарарлары оларда көтерілген мәселелер толық шешілгеннен кейін бақылаудан алынады.

43. Қала әкімі (орындау мерзімін ұзартып мыналарды:

1) қала әкімінің орынбасары немесе осы актінің орындалуына бақылау жасау немесе іске асыру жүктелген тиісті орындаушы органның басшысы қолын қойған оны орындау жөніндегі хабарламаның (қажетіне қарай осы актінің орындалу барысын тексеру қорытындылары бойынша комиссия материалдарын қоса отырып) негізінде қала әкімдігі мен әкімінің актілерін;

2) құзыретіне сәйкес қала әкімінің орынбасары немесе тиісті орындаушы органның басшысы қолын қойған оны орындау жөніндегі хабарламаның

негізінде қала әкімінің қызметтік хат-хабарларды қарағанда: "баяндаңыз...", " жеке бақылау...", "ұсыныңыз...", хабарлаңыз...", "жазып беріңіз...", "мерзімі -... күн" қарарларын қойған құжаттарын;

3) құзыретіне сәйкес қала әкімінің орынбасарымен келістіріліп, тапсырманың орындалуына жауапты лауазымдық тұлға немесе бақылау жасау, осы тапсырманың орындалу барысы жөнінде материалдар жиынтығын дайындау жүктелген лауазымдық тұлға қолын қойған оны орындау жөніндегі хабарламаның негізінде облыс әкімінің кеңейтілген, апта сайынғы аппараттық, өзге кеңестерде, іссапарлар, кездесулер, іс-шаралар барысында берілген тапсырмаларды ;

4) қала әкімінің экономика мәселелер жөніндегі орынбасарымен келістіріліп, орындаушы орган немесе қала қаржы басқармасымен ұсынылған хабарламаның негізінде қала әкімдігінің қаржы мәселелері жөніндегі актілері олардың орындалуынан кейін бақылаудан алынады ;

5) қалалық мәслихаттың шешімімен бекітілген әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсатты кешенді бағдарламалары бар қала әкімдігінің актілері қала әкімінің тиісті орынбасарымен берілген оны орындау жөніндегі хабарламаның негізінде бақылаудан алынады ;

б) орындалуына бақылау жасауды қала әкімі өзіне қалдырған қала әкімі мен әкімдігінің әкімшілік-өкімдік сипатындағы актілерді бақылаудан алады.

44. Облыс әкімі мен әкімдігінің актілерін орындау жөніндегі қала әкімінің және оның орынбасарларының қарарлары бар тапсырмалары осы құжаттың, тапсырманың орындалуы жөнінде жоғары тұрған органға тиісті хабарлама берілгеннен кейін бақылаудан алынады. қала әкімі, оның орынбасарларының, қала әкімі аппараты басшысының қарарларын орындау жөнінде хабарламаны қалалық мемлекеттік органдарға өз бетімен жіберген жағдайда, жауаптың көшірмесі қала әкімі аппаратының бақылау жөніндегі мамандарына ұсынылады.

45. Қала әкімдігі мен әкімінің күші жойылған актілері қала әкімдігі мен әкімінің тиісті құжаттардың күші жойылған деп танылған актілерінің негізінде бақылаудан алынады .

46. Егер белгілі бір мәселе бойынша алдыңғысының күшін жоймай, қала әкімдігі мен әкімінің жаңа актісі қабылданса, онда осы мәселе жөніндегі бұрын қабылданған акт бойынша бақылау жасау жүктелген лауазымдық тұлғаның қарары негізінде бақылаудан алынады.

47. Қысқа мерзімді (бір жолғы) сипаттағы қала әкімдігінің қаржы, қала әкімдігі мен әкімінің ұйымдық-кадрлық және өзге де мәселелер бойынша актілерді қала әкімінің орынбасары немесе қала әкімі аппаратының басшысы бақылаудан алады .

48. Қала әкімдігі мен әкімінің, қала әкімі орынбасарының тиісті актілері

қабылданатын тапсырмалары актіге қала әкімі қол қойғаннан кейін, қабылданған актінің аумақтық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін орындалған болып саналады.

49. Жеке жағдайларда қала әкімі аппаратының басшысы құзыретіне сәйкес орындаушы орган ұсынған материалдар негізінде қала әкімі тапсырмасының орындалу мерзімін ұзартады немесе бақылаудан алады.

50. Қала әкіміне тапсырманың орындалуы жөнінде оның орынбасары немесе орындаушы органның басшысы өзі, ауызша хабарлама, ақпарат түрінде кеңейтілген және басқа кеңестерде есеп берген жағдайларда белгіленген нысан бойынша қала әкімі аппаратының бақылау жөніндегі мамандарына тиісті бақылаудан алуға негіз болып табылады.

51. Орындаушы-орган қала әкімі аппаратының бақылау жөніндегі мамандарына қала әкімі, оның орынбасарлары мен қала әкімі аппараты басшысының құжатын, тапсырмасын, қарарын бақылаудан алғаны жөнінде тиісті хабарлама жібереді. Қала әкімінің, оның орынбасарларының және қала әкімі аппараты басшысының қарарларында қосымша немесе жаңа тапсырмалар болғанда, оларды тарату және оларға бақылау жасау осы қағидада белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.